


МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Тараз қаласында «Ән-жырым саған, туған ел!» атты IV Халықаралық әншілер конкурсының өтетіндігі туралы 27.01.2025 жылғы №01-03/90 санды шығыс хатын ақпарат ретінде жолдайды.

Қосымша: 4 парақ

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы




М.Сванов

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 2-14-10

КЕЛІСЕМІН

Жамбыл облысы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту
басқармасының басшысы

 Е.Жүнісбай

« 05 » 01 2025 жыл

БЕКІТЕМІН

К.Әзірбаев атындағы Жамбыл
облыстық филармониясының
директоры

 С.Түктібаев

« 05 » 01 2025 жыл

Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, I, III дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қырғызстанның Еңбек сіңірген әртісі, Жамбыл облысының құрметті азаматы, әнші-композитор Алтынбек Қоразбаев атындағы «Ән-жырым саған, туған ел!» атты IV Халықаралық әншілер конкурсының
ЕРЕЖЕСІ

2025 жылдың 16 мамыры күні Тараз қаласында Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасына қарасты К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының ұйымдастыруымен Алтынбек Қоразбаев атындағы «Ән-жырым саған, туған ел!» атты IV Халықаралық әншілер конкурсы өтеді.

КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ:

- Туған елінің талантты перзенті, өнерде орны бөлек дара тұлға, халқымыздың ардақ тұтар әнші-композиторы А.Қоразбаевтың шығармашылығын келер ұрпаққа насихаттау, жас әншілердің орындаушылық шеберліктерін арттыру;
- Шығармашыл тұлғалардың қалыптасуына ықпал ету;
- Отандық ән мәдениетінің дамуына үлес қосу, қазақтың ән өнеріндегі құнды дүниелерді әлемдік деңгейге жеткізу.

КОНКУРСТЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ:

Конкурста 18 мен 35 жас аралығындағы әншілер жеке, дуэт, трио, квартет болып та қатыса алады. Орындалатын әндердің аранжировкалары авторлық болуы шарт. Аталмыш конкурста лауреат болған әншілер бұл жобаға қатыстырылмайды. Өнерпаздар сахнада әнді минус фонограммасының сүйемелдеуімен (жанды дауыста) орындауы тиіс.

Конкурс II кезеңнен тұрады.

I кезең: А.Қоразбаевтың 2 әнін орындау.

II кезең: қазақ тілінде немесе өз тілінде 1 ән орындау.

Гала концерт. Марапаттау салтанаты.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

Жіберуші жақтың ұсыныс хаты (көшірмесі);
Үміткердің жеке куәлігі (көшірмесі), байланыс телефоны;
Үміткердің 20-саңдық есепшоттық нөмірі (банктен анықтама – көшірмесі);
Шығармашылық өмірбаяны (Word түрінде);
JPEG форматтағы сапалы көркем фотосуреті (электронды түрде).
Конкурста екі кезеңде орындайтын әндердің тізімі (авторлары толық көрсетілуі шарт).

БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

- Орындаушылық шеберлігіне;
- Дауыс мәнері мен кеңдігіне /диапазонына/;
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісіне;
- Орындалатын әндердің авторлық аранжировкалар болуына және оның сапасына;
- Композитордың әндерінің әуендерін бұзбай орындауы мен мәтіндерін дұрыс айтуына назар аударылады.

КОНКУРСТЫҢ ҚАЗЫЛАР ҚҰРАМЫ:

Қазылар алқасының құрамында мәдениет пен өнер қайраткерлері болады. Қазылар алқасы белгіленген сыйлықтардың барлығын бірдей тағайындамауға немесе бір сыйлықты бірнеше орындаушыға бөліп беруіне құқығы бар. Қазылар алқасының шешімі талқыға салынбайды.

КОНКУРС ЖҮЛДЕЛЕРІ:

- 1 - Бас жүлде және лауреат атағы.
 - 1 - I орын және лауреат атағы.
 - 1 - II орын және лауреат атағы.
 - 1 - III орын және лауреат атағы.
- Диплом, Алғыс хаттар.

КОНКУРСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ:

Конкурсқа қатысушылардың жол шығыны жіберуші жақтан немесе өздері көтереді. Ұйымдастыру комитеті үміткерлерді конкурсқа қатысу уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді.

Әуе, темір жолы және де көлік түрлерінің жүру кестесіне қарамастан, конкурстың белгіленген өту мерзімнен ерте келген қатысушылардың жүріп-тұру шығындарын ұйымдастыру комитеті көтермейді; Үміткерлермен еріп келген жетекшілер барлық шығындарды өз тарапынан өтейді.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ:

Өтінімдер 29 сәуірге дейін қабылданады;
Жамбыл облысының өнерпаздарын іріктеу 30 сәуірде «Баласағұн» ОКЗ-
да өтеді;

Қосымша ақпараттар: zhofil.kz филармония сайтына, [filarmoniya_kenen](https://www.facebook.com/filarmoniya_kenen)
facebook және Instagram әлеуметтік желілеріне салынады.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Өтініштер облыстық мәдениет басқармалары арқылы
filarmoniya_kenen@mail.ru электрондық поштасына жолданады.

Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Теле би көшесі, 89 үй («Баласағұн» ОКЗ), Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл
облыстық филармониясы. Пошта индексі: 080000. Байланыс телефоны:
8(7262) 34-29-59.

Жауапты координатор: Аида Смағұлова – 8-701-942-87-86.

Алтынбек Қоразбаевтың әндерінің тізімі

1. Қазақстан
2. Сағындым Алматымды
3. Сарыарқа
4. Аяулы Таразым
5. Елге сәлем
6. Елге тілек
7. Қара шал
8. Қара кемпір
9. Қара қыз
10. Әке мен бала
11. Бозторғай
12. Әгугай домбыра
13. Сағындым Кенен атамды
14. Ай-хай 25
15. Қимаймын
16. Желдірме
17. Үшқоңыр
18. Қызым саған айтамын
19. Шашбаулым
20. Таудағы көктем
21. Сырғалым
22. Сағыныш саздары
23. Арман
24. Бал балалық күндер-ай
25. Айдай сұлу аруым
26. Ақмоншақты аруым
27. Еркем менің
28. Жайлауда
29. Қайт казак
30. Қарасаздың шыбығын жел тербеген
31. Менің дағы бір аққуым бар шығар
32. Өмірде өмір, өмір, өмір ай
33. Қазақ қырғыз арасы
34. Халқым-ау
35. Қоштасудың қиышы ай
36. Аман болшы
37. Сен маған қашан жар боласың
38. Сені көргім келеді де тұрады
39. Ақдегелек
40. Айшаның әні
41. Ауылда өткен тойлар-ай
42. Туған жерім тамаша
43. Туған жерім
44. Қазақтың баласымын
45. Қараша қаз, қайдасың ?!
46. Қап-қара жеңгем әдемі
47. Мәңгілік махаббатым
48. Жан асылым
49. Сен болмасаң
50. Сен мені сағындың ба?
51. Анадан асыл барма екен
52. Аппағым-ай
53. Дүние-ай
54. Жаным-ау, түсіме сен, көп кіресің
55. Қара пима
56. Сәлемдеме
57. Тәтті қыз
58. Бақанас жердің байтағы
59. Сары-ала қаз оралды
60. Ән-қалқа
61. Айналайын бөпем-ай
62. Аманбысың елуім
63. Асылымсың
64. Жас дәурен
65. Қара жолмен сықырлап арба келеді
66. Сағындым сені
67. Ақ бөпе
68. Ақ маралым
69. Біз де жұлдыз боламыз
70. Бір арман
71. Көбелек
72. Қуаныш
73. Ақ қайын
74. Көзіңнен айналайын
75. Мамаңның сен мамандығын сұрама
76. Мерейлі Мерке
77. Папамның әлдиі
78. Туған жер толғауы
79. Әжемнің әлдиі
80. Дір етті ме жүрегім
81. Ауылым әнім
82. Қаз-қаз, балам, қаз балам
83. Кеш жарық
84. Сара туралы ән
85. Ата
86. Апа